



А.А. Бөбекжай-
герушісі

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет «Ызғарлы қыс келді»

Өтілетін күні: 24.01.2023ж.



«Бәйтерек» ересек топ.
Тәрбиеші: Тажиева Г.О.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті

Тобы: «Бәйтерек» ересек тобы

- Физикалық дамыту;
- Коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Өтілетін күні: 24.01.2023

Тақырыбы: «Ызғарлы қыс келді»

Мақсаты: Балаларды мейірімді болуға тәрбиелеу. Қысқы табиғатты бақылап, қыс мезгілінің ерекшеліктері мен қысқы ерекшелігі бар жануарларды атай білуге үйрету.

«Тантамареска» театры арқылы кейіпкердің көңіл-күйін бере білуге үйрету.

Міндеті: Ойын арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойындардың шартын түсіндіріп, жігерлендіріп, көңіл-күйлерін көтеріп, ойынға деген қызығушылығын арттыру.

Көрнекіліктер: Слайдтар, «тантамареска» театрының көрнекілігі мен дидактикалық ойындар, таратпа құралдар.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы.	Шаттық шеңбері Ал балалар тұрындар! Тұрайық, тұрайық. Үлкен шеңбер құрындар! Құрайық, құрайық. Тобымыз біздің қандай? Тамаша, тамаша. Апайлары қандай? Жаңаша, жаңаша. Ұлдарымыз қандай? Ақылды ғой сондай. Қыздарымыз қандай? Сұлулур ғой айдай. Біз әлемді сүйеміз Көңілді боп жүреміз. Сәнді болып киініп, Мәнді өмір сүреміз.	Балалар тәрбиешімен кезектесіп дуэт әнді орындайды.
Ұйымдастырушы ізденушілік	Д/О: «Суреттер сөйлейді» О/барысы: Слайдтағы суретке қарап, сұрақтарға жауап береді. -Балалар сонымен қыс мезгілі қандай екен? Балалар біз қандай мезгіл болса да уақытымызды қызықты етіп өткіземіз я. Ендеше сондай қызықты сәттеріміздің бірін қонақтарға көрсетейік. Д/О: «Ертегіге енеміз» О/ш: «Тантамареска»- театры арқылы «қыс ханшайымы» ертегісін сахналау.	Слайдтағы суреттерге қарап тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. -Ызғарлы екен. -ияяя әрине. «Қыс ханшайымы» ертегісін тантамареска театры арқылы сомдайды.



Ғажайып сәт. Бұғыменен мұзды өлкенін ханшайымы келеді: -Кім мені отқа жағамын деген. Тау мен тасын мұз болсын. мені отқа жағамын деген адамның жүрегі мұзға айналсын. Раяна: -Мен ертегі сомдамаймын. Бәрінді жек көремін. Арсен: - Мен де сендерді жек көремін. Қар ханшайымы: -Ааааа балалар екен ғой. Мен балаларды жаман көремін. Олар көп сөйлейді, шулайды. Бұл балалардың бәрінің жүректерін мұз етіп қатырып тастайын. Тәрбиеші: -Токтаңыз. Қош келдіңіз. Сізден өтініш мені тынданызшы. Ханшайым: -Сен кімсің? Неге мені токтатасың? Тәрбиеші: -Мұз ханшайымы сіз неге балаларды жаман көресіз? Балалар біздің болашағымыз емес пе? Мен осы балалардың тәрбиешісі боламын. Ханшайым: -Дұрыс айтасың. Біздің болашағымыз. Бірақ шулап жүргенше мұз болып қатып тұрғандары жаксы емес пе? Тәрбиеші: -Егер мұз болып тұрса ештеңе үйрене алмайды ғой. Еліміз дамуы үшін балалар білімді болуы керек. Ханшайым: - Бұл балалар шулағаннан баска бірденені біледі ме? Тәрбиеші: -Әрине біледі. Сіз мына балалардың жүрегін орнына түсірсеңіз балалар өз білгендерімен бөліссін. Ханшайым: - Ал көрейік ендеше. Егер де шулап миымды ашытатын болса тағы да мұзға айналдырып тастаймын. Ал балалар қар ханшайымына такпақтарымызды айтып берейік. Айлуна: Қыста қар жауғанда
Аппақ қарлар толғанда
Қар атысып ойнаймыз
Ойынға біз тоймаймыз.

Қызыға тамашалап,
тындайды.

Балалар жүректері мұз
катқанын білдіреді.

Қызығушылық танытады.

Қар ханшайымының
қаһарлы екенін ұғынады.

Балалар қызыға тыңдап,
білімдерін көрсету
керектігін ұғынады.

Балалар қыс мезгілі туралы
такпақтарын айтып береді.

	Айбар: Жабысқақ қарлар болғанда Домаланып қалғанда Аққаланы жасаймыз Шыр айналып ойнаймыз. Айару: Қыстың күні көңілді Көп қызықты көреміз Шығып алып далаға Сырғанақты тебеміз. Қар ханшайымы: -Тақпақтарың жақсы екен. Ендеше мен сендерге сыйлық берейін. Қыста қармен ойнағанда қолдарың жаурап қалмасын. Қолғаптардың суретін сыйлайды. Ал балалар осы қолғаптың сыңарын тауып, сол жерге барып тұрайық. Тәр: -Сыйлығыңызға рахмет. Ендеше біздің балалардың қызықты ойындарын тамашалаңыз. Мына үстелдерде 3 түрлі ойын бар. - Д/О: «Шашылған аққала» О/Ш: Аққаланың бас киіміндегі санға қарай денесін тауып орналастыру.  - Д/О: «Пішіндер ұяшығы» О/Ш: Пішіндерді өз ұясына орналастырады.  - Д/О: «Балық аулау» О/Ш: Шаршыда көрсетілген үлкен-кіші балықтарды аулау.	Балалар қар ханшайымынан сыйлық алады. Қолдарындағы қолғаптың сыңарына қарай үшке бөлініп отырады. Санына, түсіне қарай аққаланың денесін орналастырады. Аққаланың мойын орағышының түсін тауып, түймелерінің нешеу екенін айтады. Қоян мен сәбіздерді өз ұяшықтарына жайғастырады. Ұяшықтың қандай пішін екенін атап айтады. 1 бала шаршыны лақтырады, қандай балық түссе сол балықты 1 бала ұстайды, ал 1 бала ұстатпауға тырысады.
--	---	--



Аулаған үлкен-кіші
балықтарын санап
салыстырады.

Қар ханшайымы: -Мен шаршап
қалдым. Мына жерге отырып демалып
алайын. Балалар сендер де
шаршадыңдар ма?

Тәр: -Қар ханшайымы келіңіз біздің
балалармен бірге «қыс мүсіндері»
деген ойынын ойнап бір сергігіп
алыңыз.

Сергіту сәті: «Қыс мүсіндері»
Осы кезде бұғының ақырған даусы
естіледі.

Қар ханшайымы: -Не болды, неге
ақырасың. Осыдан өлкеме жетіп алсам
мұз қатырып тастаймын сені.

Тәрбиеші: -Ияяя біз сізге мына
мейірімді жүректі сыйлаймыз. Осы
жүректі алып мейірімді болыңыз.

Күлімдеңіз. Ал мынау бұғыға деген
сыйлығымыз. Тойып алып, сізді
қалаған жеріңізге жеткізетін болады.

Қар ханшайымы: -Мына мейірімді
жүректі алып жүрегім жылығандай
болды. Ешқандай жамандық жасағым
келіп тұрған жоқ. Қандай тамаша.

Ендеше мен мұзды өлкеме қайтайын.
Сау болыңдар балалар.

Тәрбиеші: -Жарайсыңдар балалар! Қар
ханшайымы мейірімді бола түсті.

Әния: - Апай серуенге шығып қармен
ойнайықшы.

Ендеше не тұрыс қане жаңағы
орындарыңа барып серуенге
дайындалайық.

«Қысқы мүсіндер» ойыны
арқылы сергіту сәтін
жасайды.

Айлуна: -Мұз ханшайымы
бұғыны мұз қатырмаңызшы.
Оның қарны ашқан болар.

Ашуланған қар
ханшайымын мейірімді
болуына шақырады.

Қар ханшайымына
мейірімді жүректі
сыйлайды. Бұғыға арнап
сәбіз муляждарын
сыйлайды.

Қар ханшайымымен
қоштасады.

Балалар серуенге шығу
үшін тамаша табиғат
жасайды.

Жетекші-
жөндеуші

Қорыту: К/О: «Қысқы серуен»
Жұмыс жасау барысында балаларға
қауіпсіздік шараларын айта кету.
Тамаша табиғат жасау барысында
балаларға сұрақтар қою.
-Балалар сендерге бүгінгі
ойындарымыз ұнады ма?
-Кімге қай ойын ұнады.

Қар жасайды (қырынуға
арналған көбік пен крахмал)
Аққала жапсырады.
Шыршалар жасайды.
-ияяя
балалар өз ойларын айтады.

	-Балалар қар ханшайымы қандай екен? -Біз қар ханшайымына не сыйладық? -Қар ханшайымы сол жүректі алып қандай болды? Балалар естерінде болсын. Әрқашан да мейірімді болып жүріңдер. Жарайсыңдар балалар! Тамаша табиғатымыз дайын болды, ендеше кеттік серуенге. Қонақтармен қоштасайық. Сау болыңыздар!	-қаһарлы екен. -мейірімді жүрек сыйладық. -мейірімді болды. -Жарайды апай! -Сау болыңыздар! Балалар қонақтармен қоштасып, жұптасып серуенге шығады.
--	--	---

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін біледі;
 Менгерген іс-әрекет дағдылары мен іскерліктері: Мейірімді болуды түсінеді,
 тапсырмаларды орындау барысында шартына мән беріп, соңына дейін бітіреді.